

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Академиялық мәселелер вице-ректора Эльмира Идрисова мен Академиялық департамент мамандарының студенттермен кездесу апталығы басталды.

Жиынға студенттер, магистранттар және докторанттар қатысып жатыр.

Басты мақсат – білім алушыларды университеттің академиялық саясаты және ережелерімен, стратегиялық жоспарымен, сондай-ақ университет құндылықтарымен таныстыру.

Кездесуде академиялық процесстер, сессияның өткізілу тәртібі, өндірістік іс-тәжірибеден өту талаптары, бағалау жүйесі сынды өзге де маңызды мәселелер талқыланды.

Университет басшылығы мен студенттер Әлем чемпионы атанған спортшыларымыз бен олардың бапкерлерін үлкен құрметпен қарсы алды. Жиылған қауым Астана қаласында Спорттық және жауынгерлік самбодан ересектер арасындағы Әлем чемпионатында алтыннан алқа таққан Нұрила Асанқызы мен қола жүлдегер Ұлбосын Адиллова және бокстан Будва (Черногория) қаласында өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында жеңімпаз атанған Сәйілхан Өнер мен қола жүлдегері атанған бұрымды боксшы Шұғыла Нәлібайға қошемет көрсетті. Қазақстанның атын асқақтатып, оқу орда абыройын үстем еткен студенттерімізді әуезді әнмен, әсем гүлдермен күтіп алды.

Университетімізде Прокуратура органдарының бастамасымен – «Болашақ прокурор кеңістігі» ашылды. Сондай-ақ, Түркістан облысы прокуратурасы мен оқу орда арасында меморандум түзілді. Басты мақсат – университет пен прокуратура арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Осы саланың жұмысын студенттер назарына жеткізіп, білімді де білікті студенттерді тарту.

ҚР Бас прокуратурасының Кадрлық жұмыс департаментінің басшысы Аида Ануар мен академиялық мәселелер вице-ректора Эльмира Идрисова «Болашақ прокурор кеңістігін» салтанатты түрде ашып, лентасын қиды.

Оқу ордамыз бен Түркия Республикасының Орду университеті арасында өзара ынтымақтастық меморандумы түзілді. Жиынға ректор Жанар Темірбекова мен ректор өкілі м.а Нажи Генч және Орду университетінің ректоры Орхан Баш қатысты.

ЖАСТАР - БОЛАШАҚТЫҢ ҚУАТТЫ КҮШІ

Болашақтың жарқын бейнесі - қазіргі жастарымыз. Олардың бейнесінің айқын әрі нық болуы бүгінгі әрекетінен басталады. Болашаққа сенімді қадам басу үшін әр жас білім алып, өз жолын анықтап, сол бағыттан таймай өтуі маңызды. Әр адам болашақта не күтіп тұрғанын білмегенімен, бүгінгі әрекеттері арқылы болашағын жоспарлай алады.

Әр адамның арманы, мақсаты мен жоспары болады. Оларсыз болашақты елестету қиын. Қазіргі жастарымыз, мына біздердің келбетімізге қарап, болашақтың сәулесін көреміз.

Болашақ үшін білімнің рөлі ерекше. Білім бар жерде байлық қана емес, рухты оятатын ой-сананы өсіретін қымбат қазына бар. Сол қазынаның алтын діңгегі - жастар. Олар білімді тек табысқа жету құралы ретінде емес, рухани байлық пен ой-сананың дамуының негізі.

Қазіргі жастар өздерін үнемі жетілдіріп, жаңа білім мен тәжірибені меңгеруге тырысады.

Білім деген құштарлықтың олардың тұлғалық дамуына әсер етеді.

Кез-келген салада білімді кеңейте отырып, өздерін табуға және арман-мақсаттарына жетуге жол ашуда.

Қорыта айтқанда қазіргі жастар болашақтың қуатты күші.

Олар білімге деген құштарлық, мақсатқа жетудегі табандылық пен қоғамға өзгеріс әкелу ниетімен болашақты қалыптастырады. Жастардың әр әрекеті мен ұмтылысы – жарқын болашаққа жол ашатын қадам. Ұлы ақын

Мағжан Жұмабаев: «Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін!» деп жырлап кеткен еді. Ақын күткен биіктен көрініп, ел сенімін ақтау жолында қызмет етуге дайынбыз.



Айда КЕҢЕС,
1-курс студенті

Журналистермен жылы жүздесу

Мен журналист болуды мақсат еткен 1-курс студентімін. Түркі әлемінің қара шаңырағы Ахмет Ясауи университетінде білім алудамын. Жуырда оқу ордамыздың журналист түлектері келіп, студенттермен жүздесті. Кездесуде университетіміздің алғашқы түлегі - Алмат Алтай қазақ тілінің мәселелерін қозғады. Журналистика саласының қыр-сырларымен бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар кітап оқудың маңыздылығын атап өтіп, классикалық және әдеби кітаптарды оқуға кеңес берді. Университет түлегі - Шакиров Мұрат та, студент кездегі қызықтарын еске алды. Әрі журналистика саласы тек қана мамандық қана емес, өмірде де көп пайдасы бар екенін айтты.

Ұстаздар түлектерді жылы лебізбен қарсы алып, салаға пайдалы мәліметтерімен бөлісті. ЖОО-дағы білім - үлкен өмірдің бір бөлігі, өмірлік азығы. Сол жерде отырған студенттер де, біраз пайдалы ақпарат ала алды деп ойлаймын. Әсіресе осындай кездесулердің жиі болғаны біз сияқты болашақ қаламгерлерге таптырмас тәжірибе алаңы деп ойлаймын. Тәжірибелі журналистердің берер білімі мен кеңестері жас журналистерге пайдалы болары сөзсіз.

Мерей АБДРАИМОВА,
1-курс студенті



Өнер мен шабыт: Түркістандағы музыкалық кеш

Музыка-адамның ішіндегі қуанышын, қайғысын бөлісетін көңіл-күйінді аспаптың көмегімен жеткізетін құрал. Жуырда Түркістан қаласындағы театрда “Gala Symphony” атты симфониялық поэма кеші өтті.

Бұл кеш маған және өнер сүйер қауым үшін ерекше әсер қалдырды.

Залдың безендірілуінің өзі қарапайым қараңғы бөлме, көрермендердің көңіл-күйі тіпті керемет. Көрермен кештің басталғанын асыға күтуде. Еңкейген қариядан-еңбектеген балаға дейін тап-жылмай отырып тамашалады. Атмосфера сондай жайлы болды.

Өнерпаздардың бір тембрде дрижёрді тыңдап, бәрі үйлесіммен аспапта ойнады. Өртістердің кәсіби деңгейі тіпті мықты. Әсіресе скрипка мен фортепиано орындаған шығармалар жүректі тербетеді. Әр қойылымнан соң, шапалық ұрып оларға өз ілтипатымызды көрсеттік.

Евгений Брусиловскийдің “Дудар-ай” “Қыз-Жібек” атты туындылары ерекше есімде қалды. Көз алдымда Қыз-Жібекпен Төлеген елестеп сол әлемге барып өздерімен тілдескендей болдым.

Мұндай кеш миды демалдырады екен, Сондай бір керемет көңіл күйде жатақханаға оралдым. Енді жиі барып тұрамын деп шештім. Түрлі ойларға шомылып өнерпаздардан шабыт алып қайттым.

Мерей БАТЫР,
1-курс студенті

АСХАНА

ОРТАЛЫҚ АСХАНА - ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА
ТАНЫМАЛ МА?

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде студенттерге өзінің ерекше есімімен танылған «Титаник» атауымен танымал асханасы бар. «Орталық асхана» студенттер арасында дәмді тамақтарымен ерекше танымал. Шетелден келген студенттер үшін бұл орталық асхананың тағамдары өз елдеріне деген сағынышын басады десек те артық айтқандық емес. Біз осы орталықтың басшысы Өмірзақова Гүлзипа ханыммен тілдесіп, «Орталық асхана» туралы толық әрі қызықты ақпараттарды сұрадық.

– Асхана мәзірі қалай қалыптасады?

– Жалпы асхана мәзірі студенттер мен келуші қызметкерлердің қалауымен болады. Яғни, қандай тамақтарға жақсы сұраныстар болады, сол тамақтар мәзірге енгізіледі.

– Студенттерге көбінесе қанша тағам түрі ұсынылады?

– Көбінесе ақ күріш пен тауық, түрік тағамы, сиыр еті, фасоль. Барлық тағамдар жоғары сұранысқа ие.

– Күніне шамамен қанша студент тамақтанады? Бұл санына байланысты қандай қиындықтар туындайды?

– Қазір студенттер саны көп өздеріңіз білетіндей, соған орай 3-4 кісі жұмыс істеуде. Жатаханада тұратын студенттердің саны шамамен 1500-ден асып жатыр. Осы студенттердің тең жартысы келеді десем болады.

– Асхана қызметкерлердің жұмыс кестесі қандай?

– Жұмыс кестесі шынын айтқанда өте ауыр. Таңғы 6:00-ден түнгі 22:00-ге дейін жұмыста жүреміз. Осы кесте күн сайын қайталана береді. Өзімізге қарауға уақыт жоқ. Бұл әрине қиын.

– Еңбек ақысы көңілдеріңізден шығады ма?

– Шынына келсек, еңбек ақысы көңілімізден шықпайды. Нақты сомасын айтпай-ақ қояйын бірақ, таңғы 6:00-ден түнгі 22:00 дейінгі адал еңбекпен жұмыс істеуіміздің өтеуіне жетпейді десем де болады.

– Тамақтың бағасы қаладағы басқа асханалармен салыстырғанда айтарлықта арзан. Мұның себебі неде? Әлде тағам бағасы субсидияланады ма?

– Иә, тағамның бағалары расында да арзан. Өйткені тағам бағалары Түркия тарапынан субсидияланады. Жалпы барлық студенттердің жағдайын жасап, тағам бағаларын да тиімді етіп отырған универси-

тет басшылығы, оның ішінде Түркия тарапынан қаржыландырылады. Бағаларды да осы Түркия тарапынан қарастырылып, өзара келісіп бекітеді.

– Қаншалықты тамақтар студенттерге таза әрі дәмді түрде жеткізіледі?



– Жалпы тамақтар күн сайын қадағаланып отырады. Ешкімнен ешқандай арыз-жағым келген емес. Барлығы білетіндей тамақтар ешқашан артылып қалмайды. Тамақтардың сапасын өзіміз жиі тексеріп, жазып отырамыз.

– Сұхбатыңызға рақмет, Гүлзипа ханым! өзіңізге де жұмысыңызға да тек сәттілік тілейміз!

Әңгімелескен: Дана ҚҰРМАНБЕК,
4-курс студенті

ТИТАНИК – ЖАЙЛЫЛЫҚ ПЕН ДӘМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ

(Асхана – қандай жылы сөз ...)

Жалпы мен табиғатымда айналамда болып жатқан әрекеттерге бей-жәй қарай алмаймын. Әрекетімнің қаншалықты дұрыстығын оқырман бағалай жатар. Бүгінгі жазбамды студент өмірінің айнымас серігіне айналған асханаға арнағым келеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ХҚТУ) асханасы – студенттер мен қызметкерлер үшін қолжетімді, әрі жайлы тамақтану орны. Университеттің негізгі мақсаттарының бірі – студенттерге сапалы білім беру ғана емес, сонымен қатар, олардың күнделікті өміріне ыңғайлы жағдай жасау. Асхана осы міндетті толық орындайтын маңызды орындардың бірі. Мен сөз етіп отырған, орталық асхананы студенттер «Титаник» атап кеткен. Титаниктегі



тағам өнімдері өзіміздің университетіміздің «Ботаникалық бау-бақшасында» өсіріледі. Сондықтанда, біздің студенттер асханасы басқа асханалардан сонысымен ерекшеленеді деп ойлаймын. Ең бастысы, мұнда ұлттық тағамдардан бастап түрік асханасының дәмділеріне дейінгі кең ассортимент студенттерге ұсынылады. Қуырдақ, палау, лагман, манти секілді ең дәмді тағамдар ас мәзірінде басты орын алады. Әр тағам таза, әрі сапалы өнімдерден дайындалады, бұл сту-

денттер денсаулығына ерекше көңіл бөлінетінін көрсетеді. Студенттердің басым көпшілігі үшін тағамдардың бағасы аса маңызды. ХҚТУ асханасы студенттер мен оқытушыларға қолжетімді бағамен қызмет көрсетеді. Бұл әсіресе алыс қалалар мен ауылдардан келген жастар үшін үлкен қолдау. Университетіміздің аумағында орналасқан буфеттердің барлығы карточкалық жүйеде қызмет жасайды. Орталық асхананың маған ұнайтын ең басты ерекшелігі – ораза кезінде асханамызда 30 күн тегін ауыз ашар беріледі. Тегін ауызашар ұйымдастыру – студенттердің рухани құндылықтарына деген құрметтің белгісі. Бұл шара ораза ұстаған жастарға үлкен моральдық қолдау көрсетіп, университет өмірінің әлеуметтік бағыттағы маңызын арттырады және студенттердің күнделікті қажеттіліктерін жеңілдетіп, олардың оқу мен жеке дамуына көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Бұл біздің университетіміздің студенттерге деген қамқорлығын және қолдауын айқын көрсетеді. Күнделікті күн көрістегі мәселеміз толыққанды шешіліп кетпесе де, бұл бізге кішкене болса да көмек береді. Осындай игі істер оқу орнындағы жылы атмосфераны қалыптастырып, студенттер арасында бірлік пен мейірімділікті нығайтады, сонымен қатар студенттердің университетке деген алғысы мен құрметін арттыра түседі. Тағы да бір тоқталарым асхана интерьері қарапайым, бірақ жайлы. Кең залдар студенттердің еркін отырып, тамақтануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, асхана таза, әрі жағымды орта болуымен ерекше. Асхана қызметкерлердің сыпайылығы мен жылдам қызмет көрсетуі студенттер мен оқытушылардың көңілінен шығып жатады. ХҚТУ асханасы тек тамақтану орны ғана емес, сонымен қатар студенттердің бас қосып, әңгімелесетін, уақыттарын бірге өткізетін әлеуметтік ортасы. Түрлі ұлт өкілдері білім алатын университетте асхана мәдениеттердің тоғысқан жеріне айналған. Титаникте студенттер бос уақытын қызықты өткізу үшін арнайы үстел теннисі, бильярд, аэрохоккей және шахмат ойнайтын арнайы бөлме орнатылған. Қожа Ахмет Ясауи университетінің асханасы – студенттер мен оқытушылардың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететін, олардың күнделікті өмірін жеңілдететін маңызды орын. Мұнда әркім өзін жайлы, әрі қолайлы сезінеді, бұл университеттің жалпы дамуына оң әсер етеді деп ойлаймын. Университет басшылығына, әсіресе асхана қызметкерлеріне студенттер атынан алғыс сезімді білдіргім келеді. Студенттер үшін ең жайлы орынға айналған ТИТАНИК – жайлы көңіл мен шаттықтың мекені. Әкемізді сағынсақ тұлғалық болмысын еске түсіреміз, анамызды сағынсақ ТИТАНИКке келеміз. Асхана – қандай жыл сөз ...

Абдимажит Ақерке
ФҚӘ-311А тобының 2-курс студенті

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ДӘМДІ АСХАНАСЫ – ТИТАНИК

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті – білім мен мәдениеттің тоғысқан, Оңтүстік өңірінің киелі мекенінде бой түзеген білім ошағы. Елордадан бастау алып, қасиетті Түркістан қаласына білім алуға келдім. Түркі әлемінің рухани орталығы саналатын бұл қалада орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жайлы алғаш рет интернет желісі арқылы білдім. Университет туралы ақпараттар мен пікірлерді оқи отырып, дәл осы оқу орнын таңдау – болашағыма жасаған ең дұрыс қадам екеніне сендім. Мұнда білім алудың маңызын алғаш келген күннен-ақ ұқтым. Қожа Ахмет Ясауи атындағы университет – Қазақстан мен Түркия арасындағы достық пен бауырластық қарым-қатынастың жемісі. Бұл оқу орны екі елдің білім беру саласындағы ынтымақтастығын нығайту мақсатында құрылған және бүгінде халықаралық деңгейдегі білім беру мекемесі ретінде танымал. Университетте тек қазақстандық жастар ғана емес, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және басқа да түркі елдерінен келген студенттер оқиды. Бұл жерде көпұлтты және көпмәдениетті орта қалыптасып, түркі әлемінің бірлігі терең сезіледі. Аталған университет студенттердің жайлы өмір сүруі мен сапалы білім алуы үшін барлық жағдайды қамтамасыз еткен. Кампус аумағында кең, әрі заманауи жабдықталған



аудиториялар, ыңғайлы жатақханалар, үлкен спорт көшендері мен кітапхана бар. Студенттердің күнделікті қажеттіліктері толық ескеріліп, университет инфрақұрылымы олардың дамуы мен жетілуіне бағытталған. Университеттің жүрегі саналатын «Титаник» асханасы – студенттер мен қызметкерлердің ең сүйікті орындарының бірі. Бұл тек тамақтану орны ғана емес, сонымен бірге демалуға арналған жайлы орын. Асхананың атауы ерекше, ол ғимараттың пішіні кемеге ұқсағандықтан студенттер «Титаник» деп атап кеткен. Асхананың басты артықшылығы – түрік асханасының сан алуан тағамдары бар. Мұнда өркім өз талғамына сай дәмді тамақ таба алады. Әсіресе, шекерпа-ре, сүтлач, тулумба сияқты түрік тәттілері көптің көңілінен шығады. Әрбір тағам мұқият дайындалып, үй тағамының дәмін сезіндіреді. Бұл өз үйінен жырақта жүрген студенттер үшін ерекше маңызды. Ас мәзірінің үлкендігі мен тағамдарының тойымды болуы да келушілердің көңілінен шығады. Асхана қызметкерлері өте мейірімді, сыпайы және жылы шырайлы. Олардың қызмет көрсету деңгейі әрбір студент пен қызметкерді қанағаттандырады. Сонымен қатар, тағам бағасының қолжетімділігі бұл орынды одан әрі қолайлы етеді. Мұнда сапалы, әрі дәмді тағамдарды студенттердің қалтасы көтеретін бағамен сатып алуға болады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы университеттің «Титаник» асханасы – тек дәмді тағамдармен емес, ерекше атмосферасымен есте қалады. Түркі жұртының шынайы дәмін сезінгіңіз келсе, міндетті түрде бұл асханаға бас сұғыңыз.



Жанель АҚЫЛБЕКОВА
ФҚӘ-311 А тобының 2-курс студенті

АСХАНА МӘДЕНИЕТІ – ДӘМДІ ӨМІРДІҢ АЙНАСЫ

Асхана – адамзат өмірінің айнасы. Ол тек тағам әзірлейтін орын ғана емес, мәдениет пен рухани құндылықтардың тоғысқан ортасы. Ас дайындау дәстүрі әрбір халықтың тарихы мен өмір сүру салтын көрсетеді. Асхана мәдениеті ғасырлар бойы дамып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді. Қазақ халқы үшін асхана тек тамақтану орны емес, қонақжайлылық пен кеңдіктің нышаны. Сонымен қатар, асхана – шығармашылықтың алаңы. Әрбір аспаз жаңа тағам дайындау арқылы өз шеберлігін, қиялын және жан-дүниесін көрсетеді. Бұл процесс тек дәмді тағам әзірлеу емес, өнердің бір түрі.

Асхана мәдениетінің басты кейіпкерлерінің бірі – аспазшылар. Олар тек тамақ әзірлеумен ғана шектелмейді, әрбір тағамға өз мейірімі мен жан жылуын қосады. Әсіресе мектептерде, университеттерде және түрлі қоғамдық орындарда қызмет ететін аспазшы апайлардың еңбегі айрықша. Олар тек дәмді тағам дайындап қана қоймай, адамдарға көңіл-күй сыйлап, өздерінің мейірімділігімен жылы орта қалыптастырады. Асхана – тек тамақтану орны ғана емес, мәдениетіміздің, дәстүрлеріміздің сақталып, дамып отыратын кеңістігі. Ол әрбір халықтың рухани әлемін, тарихын және құндылықтарын көрсете отырып, адамдар арасындағы байланысты нығайтады. Мұндағы басты рөлді атқаратындар – аспазшы апайлар, олар өз ісіне деген сүйіспеншілігін, шеберлігін және мейірімділігін әр тағамға қосады.



Аспазшы апайлардың жұмысы – тек ас әзірлеумен шектелмейді. Олар өздеріне жүктелген міндетті үлкен жауапкершілікпен орындайды. Мысалы, студенттер үшін тағамдардың пайдалы, әрі дәмді болуы аса маңызды. Олар әрбір ингредиенттің мәнін түсініп, дұрыс тамақтану қажеттілігін насихаттайды. Бұл мейірімділік қонақтардың да көңіл-күйін көтереді. Адамдар асханаға тек қажеттілікті қанағаттандыру үшін ғана келмейді, сонымен бірге жылы атмосфераны, қарапайым қарым-қатынасты, адамдар арасындағы түсіністік пен құрметті сезінуге келеді.

Аспазшы апайлар өз ісіне деген сүйіспеншілігін әрбір қадамында көрсетіп, асханаға келгендердің күніне қуаныш сыйлайды. Аса маңызды жайт – асхана тек тамақтану орны емес, ол адамдардың бірігіп уақыт өткізетін, ой бөлісетін кеңістік. Мұнда әрбір тағам отбасылық құндылықтарды, достықты, сыйластықты бейнелейді. Асхана мәдениеті арқылы адамдар бір-біріне жақындайды, ортақ мақсатқа ұмтылып, ортақ қуаныштарды бөліседі. Мен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқимын. Менің оқитын университетімнің асханасының тағамдары өте ерекше. Тағамдардың дәмділігі мен бағасының қолжетімділігі, аспазшы апайлардың мейірімділігі көңілімізге қуаныш

сыйлайды. Ыдыстардың тазалығы айрықша әсер береді. Мен күн сайын асханадан барып тамақтанамын. Маған асхананың қатты ұнайтын тұсы: тағамдардың сан алуан түрлерінің болуы мен бағасының арзандылығы. Мысалы, кафедрадан барып тамақтанатын болсаңыз кем дегенде 2-3 мың теңге көлемінде тамақтанамыз, ал біздің университеттің асханасынан 500 теңгеге тойып тамақтануға болады. Аспазшы апайлардың қамқорлығы, әсіресе студенттерге деген махаббаты ерекше сезіледі. Олардың жайдары жүзі, жылы сөзі асханадағы тағамдардың дәмін еселей түседі. Тұтыншылардың тамақтану рационына мән беріп, әр тағамның құнарлы, әрі пайдалы болуына аса көңіл бөледі. Көпшілікке бұл тек жұмыс болып көрінгенімен, олардың еңбегі – үлкен жанқиярлықтың үлгісі. Асхана – біздің тұрмысымыздың ажырамас бөлігі ғана емес, ол өміріміздің мәні мен дәмін арттыратын орын. Аспазшы апайлардың мейірімділігі мен жауапкершілігі асханаға ерекше құндылық қосады. Олар бізге тамақтың тек физикалық қажеттілік емес, рухани қажеттілік екенін де ұғындырады. Осылайша, асхана мәдениеті адамгершілік пен жылылықтың, қамқорлық пен өзара түсіністіктің ордасы болып, адам өмірінің басты құндылықтарын көрсетеді.



Тағамдардың ерекше дәмді болуы асханаға келген әрбір жанға керемет көңіл-күй сыйлайды. Қорытындылай келе, асхана – адамның өмір сүру салтын, дүниетанымын көрсететін орын. Ол тек қажеттілікті қанағаттандыратын емес, рухани байлық пен ішкі үйлесімділікті сақтайтын кеңістік болып табылады. Аспазшы апайлардың мейірімділігі мен шеберлігі асхана мәдениетінің негізін құрайды, олар бізге тек тамақ емес, өмірдің мәнін көрсетіп, бірлік пен өзара түсіністікке жетелейді. Ал, аспазшы апайлардың мейірімділігі – осы мәдениеттің жүрегі. Олар бізге тек дәмді тағам емес, өмірге деген махаббат пен қамқорлықтың үлгісін көрсетеді.

Ұлбала ЛЕСКЕНҚЫЗЫ
ФҚӘ-311 Б тобының 2-курс студенті

СТУДЕНТ ПІКІР АЙТАДЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазіргі таңда жұмыссыздық қоғамымыздағы ең үлкен мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстанда жұмыссыздықтың деңгейі жыл сайын өзгеріп тұрады, бірақ оны толық жою әлі күнге дейін мүмкін болмай отыр. 2023 жылғы статистика бойынша, Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады. Бұл шамамен 450 мың адам... Бұл көрсеткіш жастар арасында да жоғары. Мәселен, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 8%-ға жетеді, бұл өте жоғары көрсеткіш. Көптеген жастар жоғары білім алып, университеттер мен колледждерді тәмамдайды, бірақ олар үшін жақсы жұмыс табу өте қиын. Көптеген мамандар, әсіресе қарапайым жұмысшылар мен жас мамандар, айлықтың төмендігінен жұмысқа орналасудан бас тартады немесе қосымша жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Сыбайлас жемқорлық та жұмыссыздықты тереңдете түседі. Әсіресе мемлекеттік қызметте жұмысқа орналасу кезінде пара беру жағдайлары жиі кездеседі. 2023 жылы Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі 300-ден астам парақорлық ісін ашты. Мұндай жағдайлар жастардың үмітін жасытып, қоғамда әділетсіздік сезімін тудырады. Нәтижесінде, көптеген адамдар пара беру арқылы жұмысқа орналасуға тырысады, ал адал жұмыс іздегендер қиындыққа ұшырайды. Жұмыссыздықты төмендету үшін елімізде көптеген шаралар қолға алынуда. Мысалы, жастарға арналған еңбек нарығында тәжірибе жинақтау мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді, бірақ олардың тиімділігі әлі де толық деңгейде байқалмай отыр. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және жұмыс орындарын көбейту үшін кешенді шаралар қабылдануы қажет. Осылайша, жұмыссыздық тек жастардың ғана емес, бүкіл қоғамның басты мәселелерінің біріне айналды. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен сыбайлас жемқорлық сияқты проблемалар қоғамның тұрақтылығына және дамуына кері әсерін тигізеді. Тек тиімді саясат және адалдықпен жұмыс істесек ғана, бұл мәселені шешуге болады.



Назипа ШЕРІ,
1-курс студенті

МУЗЕЙ-ТАРИХТЫҢ АЙНАСЫ

Музей бұл тарихи, мәдени, ғылыми немесе өнер туындыларын жинап, сақтап, зерттеп қоғамға таныстыратын мекеме. Музейде әрбір заманға арналған заттар, экспонаттар, картиналар болып жатады.

Соның ішінде Ясауи музейі жайлы сөз қозғар болсам, музейге алғаш кіргеннен бойымда сөзбен айтып жеткізе алмайтындай ерекше сезім болды. Үлкен есік ашылған сәттен бастап мен тарихтың, өнердің және мәдениеттің бай әлеміне қадам басқандай күйде болдым. Даладағы шу, қарбалас, тынышсыздықтан музейге кірген сәтімде барлығын ұмытып, өмірге жаңа келген сәбидей өзімді сезіндім. Музейдің іші сондай кең, атмосферасы сондай тыныш, өзімнің дауысым өзіме қайта жаңғырық болып есітілгенде құдды бір тарих маған сөйлеп жатқандай болды. Әрбір басқан қадамым тарихқа басқан бір қадамымдай сезілді. Музейге алғаш кіргенде көзіме оттай басылған ерекше әсер берген экспонат - Қазақ қызының ұлттық киімі. Ұзын көйлек, сыртында қызыл шапан, сәукеле, сәукелеге қосыла тігілген ақ жібек мата Қазақ тарихындағы қазақ қыздарының ұзатылу салтын көз алдыма әкелді. Екінші маған қатты ыстық болған экспонат қабырғаға ілінген тұлғаның суреті. Ол сияқты ешкім Абайды тани алмаған Мұхтар Әуезовтың суреті көзіме сондай ыстық көрінді. Тағы біраз қарап тұрсам суреттен тіріліп шығып алдыма келетіндей күйде болдым. Айналамда толған түрлі ұлттардың ұлттық киім үлгілері әрбір ұлттың салты мен дәстүрін айтып тұрғандай. Ол киім үлгілері Қазақстанда 130-дан аса ұлт өкілдері мекендейтінін сонымен қатар қазақ халқының сондай қонақжай екенін бейнелеп айтып тұрғандай сезімде болдым. Ал музейдің қақ ортасында тұрған үлкен глобусты көргенде Қазақ халқының жерінің сондай екенін аңғардым. Глобусты қарап тұрып аспанға қарасам Қазақ халқының тарихының бастауы көз алдыма елестеді. Өйткені ол жерде сақтар, ғұндар, түрік қағанаты бейнеленген еді.

Музейде біраз болдым маған ешкімнің таныстыруы да керек болмады. Өйткені әрбір экспонат өздері маған сөйлеп тұрғандай болды. Тарихқа бір барып келгендей болдым.

Қорыта айтар болсам музейдің адам баласына рухани жағынан да, білім жағынан да берері мол деп ойлаймын. Өскекең ұрпақтың ойын-сауық орталықтарына барғаннан осындай тарихи жерлерге көбірек барып тұрғаны дұрысырақ деп ойлаймын.

Зухра ӘЛИАСҚАРОВА,
1-курс студенті.

ҚАЗАҚ АРУЫ - ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

Қазақ аруы байқауы алғаш рет 1998 жылдан бастап өтіп келеді. Бұл байқау қазақ қыздарының сұлулығын, білімділігін, тәрбиелігін, өнерін ел жұртқа паш ету мақсатын да ұйымдастырылады. Бұл байқау жыл сайын өткізіліп тұрады, қазақ аруларының елімізде ғана емес, шет елдерге де танылуына да мүмкіндік береді. Ұйымдастыруға белсенді ат салысатын өнерде ойып аларлықтай орны бар Баян Мақсатқызы «Әр қазақ қызында ұлттық дәстүр, ізгілік пен ақыл бар. Ол тек өз бойындағы сұлулықты ғана емес ішкі жан дүниесінің байлығын да көрсетуі керек» деді ол өз сөзінде. Бұл сөздер қазақ қыздарының сұлулығы мен тәрбиесі, ұлттық құндылықтарды сақтау маңызды екенін көрсетеді. Қазақ аруы үшін ең маңызды қасиеттердің бірі-тәрбиелілік пен адамгершілік. Ол тек өзінің ішкі сұлулығын емес жүрегінің тазалығын көрсетеді. Қазақ халқы әрқашан қыз баласын құрметтеп, оны ұлттың айнасы ретінде бағалаған. Мен «Қазақ аруы 2024-тің» бас жүлдесін Ақкербез жеңіп алатынын білдім өйткені ол нағыз қазақ аруы болуға лайықты қыз. Ақкербез қазақ аруы атанғанда барлығы оған қарсы шығып ол ақшамен сатып алды деп шықты. Сол себептен дауыс беру қайттан болуын талап етті қайтадан дауыс бергенде Ақкербез бәрібір қазақ аруы атанды. Одан кейін Ақкербез былай деді:

– Мен қарапайым отбасыдан шыққан қызбын. Тіреп тұрған көкем де, артық жағдайым да жоқ. Бұл сөз Ақкербездің жеңісі – тек сыртқы келбет емес еңбек пен мықтылықты дәлелдейді. Қазақ арулары – ұлттың айнасы

жаңа биіктерді бағындыратын аруларымыз көбіне берсін!

Қазіргі күні аруларымыздың тарапынан «Қазіргі кезеңде қазақ қызы қандай болуы қажет? Не нәрсеге басымдық бергені жөн?» деген сұрақ көбеймесе азайған емес. Менің ойымша:

Бірінші, қыз бала рухани биік болуы керек. Неге? Ашуынды келтіретін, жүйкеңе тиетін, қызықтыратын, қинайтын, сенің өміріңе кедергі келтіргісі келетін әртүрлі кезеңдер, адамдар, оқиғалар болады. Сондықтан тұлға рухани мықты болуы қажет.

Екінші кезекті, қазіргі заманның аруы жан-жақты болуы тиіс. Көзі ашық, көкірегі ояу.

Үшінші кезекте, қайда кетіп бара жатқанын сезетіндей сергек болуы тиіс. Егер қыз бала болса, ата-анасымен байланыстың жібін білетіндей, ал келін болса, жарының махаббатын қалай жаулай алатынын сезетіндей болғаны жөн. Егер ана болса, ұл-қызынан көз жазып қалмауды аңғара алатын, мұқият, қырандай қырағы болуы керек деп ойлаймын.

Аружан УБАЙДУЛЛАЕВА,
1-курс студенті

ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАМ!

ЖАТАҚХАНАҢ ЖАЙЛЫ МА, СТУДЕНТ ДОС?!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті — Қазақстандағы беделді жоғары оқу орындарының бірі. Бұл университет Қазақстан мен Түркия арасындағы халықаралық келісім негізінде құрылған, сондықтан оның студенттері мен оқытушылары арасында екі елден де өкілдер бар. Университет Түркістан қаласында орналасқан және түркі әлемінің рухани-мәдени орталығы ретіндегі маңызы зор. Ясауи университеті жастарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, мықты болашақ беретініне күмәніміз болмауы керек. Университет түлектері ел мен қоғамға қызмет ететін, мықты мамандар болып шығуды көздейді. Университеттің үлкен кампусы студенттердің жайлы өмір сүруі мен оқуына қолайлы жағдай жасайды. Кампус аумағында студенттерге арналған жатақханалар, оқу ғимараттары, кітапхана, спорт алаңшалары және мәдени іс-шаралар өткізуге арналған орындар бар.

Ясауи университетінің жатақханасындағы студенттерге жасалған жағдайды талқылайық. Жалпы алғанда жаман емес. Жатақханадағы

студенттерге жасалған жағдай негізгі талаптарды қанағаттандырады, бірақ әлі де жақсартуды қажет ететін тұстары бар. Осы тұстарды жағымды тұстары мен кемшіліктерін талдай отырып, баяндай аламыз. Мысалы, жатақхана университетке жақын орналасқан, бұл студенттерге уақыт үнемдеп, оқу орнына тез жетуге беретін ең басты мүмкіндігі. Сонымен қатар, онда студенттердің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады. Жатақхана аумағында күзет қызметі жұмыс істейді және бейнебақылау жүйесі орнатылған. Сол себепті студенттердің ата-аналары балалары үшін алаңдамай жүре алады. Сондай-ақ, кейбір жатақханаларда кішігірім кітапханалар немесе оқу залдары бар. Бұл студенттерге қосымша білім алуға және тыныштықта дайындалуға мүмкіндік береді. Және де спорт-залдар, жүгіру жолдары сияқты пайдалы дүниелер студенттердің салауатты өмір салтын ұстануына қолдау көрсететінін ұмытпағанымыз абзал. Алайда, өкініштісі кемшіліктері де аз емес. Жатақханаларда ас үй, жуынатын бөлмелер, кір жуатын орындар секілді тұрмыстық қажеттіліктер қарастырылғанымен, кей жағдайларда тазалық және техникалық қызмет көрсету жеткіліксіз болып, студенттерге қолайсыздық әкеледі. Кейбір тұрмыстық құралдардың ескіргендігіне байланысты оларды жөндеу немесе жаңарту қажет. Ал кейбір бөлмелерде студент саны көп, бұл жеке кеңістік пен жайлылықты шектейді. Студенттерге жеке кеңістіктің аз болуы және күз-қыс айларында жылыту жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі ыңғайсыздық тудыратыны ең маңызды мәселелердің бірі деп ойлаймын. Сонымен қатар, интернет байланысы нашар. Бір кезде жақсы тартса, бір жерде мүлдем ұстамайды. Бұл мәселе сабаққа дайындалуға кедергі болады.

Қорытындылай келе, өз пікірімді және жатақхана жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстарымды белгілеп кеткім келеді. Негізі жатақханада тұратын адам ретінде, жатақхана бізге беріп отырған жағдайы мені қанағаттандырады. Алайда атап өткен кемшіліктер бәрімізді алаңдататыны өтірік емес. Студенттердің оқуға, зерттеулер жасауға және байланыс орнатуға қажетті негізгі құралы интернет байланысы екенін ескеріп, интернет байланысын жақсартуға ұсыныс бергім келеді. Сонымен қатар, студенттер бос уақытын тиімді өткізу үшін музыка, өнер, немесе өзін-өзі дамытуға арналған арнайы бөлмелер болса тіпті керемет болар еді. Және ең маңыздысы, тазалық мәселесін шешу. Жалпы түйіндей келе, жатақханада студенттердің университеттегі өмірін барынша ыңғайлы етуге жағдай жасалған, десек те кейбір мәселелерді шешу және қызмет көрсету сапасын жақсарту маңызын ескергендері жөн. Жатақхананың жағдайын жақсарту үшін ұсыныстарға мән беріп, студенттердің тұрмыс тіршіліктері едәуір артып қалар деген үміттемін.

Аяулым Балтабаева,
1-курс студенті



«ЖАТАҚХАНА - ӨЗ ҮЙІМ»
дейді студенттер ағынан жарылып

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ерлер жатақханасы студенттерге қажетті барлық жағдаймен жабдықталған. Жатақхана үш қабаттан тұрады. Бірінші қабатында асхана мен киім жуу бөлмелері орналасқан, екінші қабатында оқу залы бар, ал үшінші қабатта жаттығу залы студенттердің физикалық дайындығына жағдай жасайды. Жатақхананың сыйымдылығы 350-ден астам студентке арналған, оның 70%-ы шетелдік азаматтар болса, қалған 30%-ы Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген студенттер.

Жатақхана студенттердің үлкен өмірге қадам басатын алғашқы ордасы десе болады. Бұл жерде әр студент өз өміріне жауапкершілік артып, жеке тұрмыстық қажеттіліктерін өзі қадағалайды. Тамақтану, су ішу, бөлмедегі тазалық — барлығы өз қолында. Сондай-ақ, тазалық — денсаулық кепілі екенін ұғынған студенттер жатақхананы таза әрі жинақы ұстауға тырысады. Бұл мақалада жақында өткен “Ең үздік бөлме” сайысы туралы айтпақпыз. Бұл сайысқа студенттер өз бөлмелерін әсемдеп, қатысқан болатын. Сайысқа көптеген студенттер қатысып, өз бөлмелерін ұсынды. Сайыс қатаң талаптармен өтті, бірақ нәтижесінде үздік бөлме анықталды.

Үздік бөлмеде жататын студенттер өз сезімдерімен бөлісті соның бірі Нұрмұхаммед Назир: «Үздік бөлме» номинациясын жеңіп алғанымызға қуаныштымын. Бұл сайысқа қатысуға өтініш бергенде, біз біраз ойландық. Себебі біз жаңа ғана жатақханаға қоныс аудардық. Өзімнің тәжірибем аз деп ойлағанбыз, бірақ жеңіске жетіп қуанып тұрмын. Жатақхананы біздің үйіміз деп қарастыруымыз керек. Сондықтан тәртіпті сақтап, тазалықты қатаң ұстауға тырысамыз. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмас» деген сөзін үнемі еске түсіремін» деп ағынан жарылды.

«Жатақханада студенттерге қандай қолайлы жағдайлар жасалған? деген сауалмызға Нұрмұхаммед досымыз «Жатақхана өте қолайлы. Жылына 100.000 теңге төлеп, 1 оқу жылы бойына жататын орын, спортзал, амбулатория және асхана қызметін пайдалана аламыз. Бұл — өте жақсы мүмкіндік» деп жауап берді..

«Бұл сайыс студенттердің бөлмелерін ғана емес, жатақхананың тазалығын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін еске салды деп ойлаймын, келісесің ғой?»-деген келесі сауалымызға Нұрмұхаммед досымыз «Әрине, жатақхананың тазалығын сақтау — басты талап. Бұл тек бөлмені әсемдеу емес, тазалық үшін, денсаулықты сақтау үшін де өте маңызды» деп ойын білдірді.

Жатақхананың студенттер үшін қолайлы екенін айтқан Нұрмұхаммед, жылдық төлемақы студент қалтасына қонымды, асханада ас мәзірлерінің жақсы, бағасы арзан екенін айтып ризашылығын білдірді. Ал сайысқа келсек, сайыс тек бізге жатақхананың тазалығын сақтауға, айналаға құрметпен қарауға тәрбиелейді дейді.

Бексұлтан Мыңжасар,
1 курс студенті.

СТУДЕНТТІҢ БІР КҮНІ

Студент ол үлкен жауапкершілік арқалаған, өзіндік міндеттері бар тұлға. Әдетте студенттің күні күн сәулесі қызарып көтеріліп келе жатқан уақыттан басталады. Уақытын тиімді пайдалана алатын студент дәл осы сәттен күйбең тіршілігін бастайды. Барлық студент ерте тұрады деп айта алмаймын. Кейбір студенттер сабақ басталуына 20,30 минут қалғанда оянып асығып, жүгіріп келеді. Бұндай жағдай жатақханада тұратын студенттердің арасында кездеседі. Ал ерте тұрған студент асықпай жаттығуын жасап, таңғы асың ішіп, киініп университетке келеді. Университеттегі сабақтар түсте бітеді. Университеттің асханасынан түскі ас ішіп, сабақтарына байланысты материалдар жинау үшін кітапханаға жол тартатын студенттер сирек. Басым көпшілігі сабақтан шаршап, үйіне асығып тұрады.



Үйіне барған соң тойып тамақ ішіп, ұйқысын қандырады. Сабағын кешке орындайды. Ал кітапханада сабағын оқыған студент, үйіне қайтып демалады. Басқа тірліктерің жасайды не қыдырады. Көріп тұрғандарыңыздай барлық студент бірдей емес. Күндері әр түрлі өтеді. Бұл тек мен білетін мысалдардың екеуі ғана. Күні мүлдем басқаша өтетін студенттерде бар. Күнінің жақсы, пайдалы өтуі адамның өзіне байланысты.

Сұлтан ФАРАҒАТ

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ

БІР ДӘРІС – ТЫҢ ДӘРІС

Ерекше балаларды қоғамға қосу – еліміз үшін қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосудың нәтижесі маңызды фактор. Бұл олардың өмірге бейімделуіне, өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беретін реттеуші тетік болады. Балаларды қолдау тек мемлекетке ғана емес, жалпы қоғамға жүктелген міндет деп қабылдасақ, нұр үстіне нұр болар еді. Мұны әрбір қоғам мүшесі олардың жүрегіндегі мүмкіндіктің шексіз екенін түсінгені абзал. Бұл пікірдің әрбір қоғам мүшесінде қалыптасуы үшін жеке-жеке пікірдің бөлінуі емес, керісінше ортадан топтап, бір бүтін ойдың шығуы маңызды. «Ол қалай жүзеге асады? Кім әсер етеді? Қандай мемлекеттік мекеме ерекше жандар үшін көмек бере алады?» деген сауалдар біздің көкейімізде болуы тиіс.

Мен – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2-курс студентімін. Таңдаған мамандығым «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» болу. Қазіргі таңда ЖОО-да өз білімімді шыңдау үстіндемін. Менің толықтай білікті мұғалім болуға деген «іргетасымның беріктігі» университет қабырғасындағы ұстаздарымның еңбегімен қалыптасады деп есептеймін. Келешекте мұғалім болғаннан кейін алдымызға әр үйдің бір-бір еркелері, тұйық балалар, тым белсенді оқушылар және ерекше балалар келері сөзсіз. Ал, мұғалім жәй ғана педагог емес, ол – психолог ретінде де баланың жан дүниесін түсінуші тұлға болуы керек. Соңғы күндері аталған жағдай туралы көп ойлана бастадым. Себебін былай түсіндіргім келеді. Ағымдағы пәндердің ішінде «Инклюзивті білім беру» пәнінен алған теориялық білімім мәселенің байыбына қанықтырды. Бұл пәннің негізгі мақсаты – ерекше балаларды бөліп қарастырмай немесе оларға ашық түрде ерекше назар аудармай, ортаға қосып, қоғамда өз орнын табуға жол сілтеп, қарапайым жандардан еш айырмашылығы жоқ екенін ұғындыру. «Жақсы ұстаз – бұл сәуле шашып, шәкірттің жүрегіне жылу дарытатын шырақшы». «Инклюзивті білім беру» пәнінен дәріс оқитын лекторымыз, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Талғат Әбубәкірұлына біз

апта топтар өз кезегінде ерекшеліктерімен көзге түсіп, пәннің негізгі мазмұнын теориялық тұрғыда ұғындық. Шынында да тілге тиек ететін дүние, мүмкіндігі шектеулі балалар кезіккен жағдайда оларды қалай ортаға қосу жөніндегі ойды көкейімізге түйіп, тәжірибе алмастық. Лекцияны түсіндіруде жаттанды форматтағы оқудан көрі, ұстазымыздың қолданған тәсілі біздің көңілімізге қонымды болды.

Бүнгі сабағымыздың тақырыбы: Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу. Сабақтың мақсаты – білімгерлерге эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балалармен жұмыс жасауда қолданылатын әдістерді талдап, көрсетіп, тақырып аясында толық түсінік қалыптастыру. Эмоционалды-ерік сферасы бұзылған балалардың өз эмоцияларын басқара алмауы, қарым-қатынас жасау кезінде түсініспеушіліктерге ұшырауы, гиперактивтілік және импульсивтілік сынды ерекшеліктерімен сипатталады. Тәжірибелік сабақ барысында біз, эмоционалды-ерік сферасы бұзылған балалармен жұмыс жасауда қолданылатын әдістерге тоқталдық. Дәрісіміз алдымен теориялық түрде түсіндірумен басталды. Яғни, білімгерлер тақырыпты ашу мақсатында нақты деректер мен мәліметтерге сүйеніп, түсінік қалыптастырды. Бұл тізгіннің басын құрбымыз Айжан Бекжанқызы бастады. Айжан балалардың эмоционалды-ерік сферасы қандай жағдайда бұзылатыны, қандай факторлар әсер ететіні жайында айтып өтті. Келесі кезек Аяулым Ерланқызында болды.


Ол Халықаралық гуманитарлық құқық нормаларына және Қазақстан Республикасындағы эмоционалды-ерік сферасы бұзылған балаларға берілетін көмек және заңнамалар жайында сөз қозғады. Өзінің көкейтесті пікірін ортаға сала отырып, Зәру Керімбайқызы заңнамаларды толықтай ашып, «Ақыл-ойы кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларацияға» тоқталды. Білімгерлер үшін тәжірибе алмасатын керемет сәтті Арайлым Қуанышбекқызы құрды. Арайлым осы санаттағы оқушылармен жүргізілетін сабақтарда қолданылатын әдістерге және психологиялық ахуал тудыру жайында айтып өтті. Арайлымнан кейін өзімнің кезегімде ерекше санаттағы оқушыларды интеграциялау арқылы оларды эмоциялық тұрғыда қалай жетілдіру керектігіне тоқталдым. Теориялық білімімізді нығайтқаннан соң, келесі кезекті практикалық бағытпен алмастырдық. Тәжірибелік қызық сәттің шымылдығын Гүлназ Мамирқызы ашып берді. Ойын «Миға шабуыл» деп аталды. Білімгерлердің Гүлназдың айтқан түстерін тез қабылдап, эмоцияларын басқара алатынына көз жеткізе алдық. Бұл ойынның негізгі мақсаты – білімгерлердің эмоцияға берілгіштік деңгейін анықтап, әрі сергіту болды. Бұл ойында Маржан Дәуренқызы өзінің жылдамдығымен жеңіске жетті. Келесі кезекте дидактикалық ойынға көштік. Бұл ойынды жүргізуші модераторлар: Нилуфар Жарқынбекқызы және Дана Ғалымқызы. Ойын форматы – футбол түрінде топтарды 2 топқа ұжымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Теориялық мәліметті негізге ала отырып, жасалынған сұрақтар футбол форматындағы true/false формасы арқылы, білімгерлердің сабақты қаншалықты қабылдағаны байқалды. Ақпаратты бекіту мақсатында Назерке Кенжебекқызы бейнероликті өз дауысымен әрлеп, мағлұматтарды толық қамтып өтті. Сабақты қорытындылау мақсатында дискуссия, әрі пікірталас ұйымдастырушы модератор-Еңлік Дәулетханқызы, жалынды, ақпаратқа толы жауаптарымен білімгерлерге эмоционалды-ерік сферасы бұзылған балалармен жұмыс істеудің ерекшелігін мазмұнды ой

арқылы өрнектеп, жеткізді. Сабақтың тәжірибелік бөлімінде студенттер дидактикалық ойындар мен сергіту сәттерін өткізіп, эмоцияны басқару дағдыларын қалыптастыру жолдарын пысықтай алды.

Қателік бәрімізде де болатыны түсінікті. Сабақ барысындағы кейбір ақпараттың жеткіліксіздігі мүмкін уақыт тапшылығына байланысты, мүмкін өз ізденісіміздің аздығы болар көрініп қалды.

Бірақ, ең бастысы өткізген сабағымыздың құндылығын жоғалтпадық, әрі тақырыптың толық түсіндірілуінен мүдірмей өте алдық. Бұл сабақты өткізуде біз ұжымдық жұмыстың үлкен рөл атқаратынын түсіндік. Әр білімгер өздерінің керемет ізденістерімен тақырыпты жаңа бір қырынан ашуға бар белсенділіктерін көрсетті.

Қорыта айтқанда, эмоционалды-ерік сферасы бұзылған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу – олардың тек оқу үлгерімін арттыру емес, сондай-ақ әлеуметтік ортада өз орнын табуға мүмкіндік беру. Инклюзивті білім беру арқылы мұндай балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуына жағдай жасауға болады. Университет қабырғасында алған теориялық білім мен практикалық тәжірибелер бізге болашақ мұғалімдер ретінде ерекше балалармен жұмыс істеу жолдарын меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибелер бізге тек білім беру ғана емес, әр баланың жан-дүниесін түсініп, қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектесудің қаншалықты маңызды екенін ұғындырды. Инклюзивті білім беру негіздерін үйрену білімгерлерге, әсіресе болашақ қазақ тілі мен



әдебиеті пәні мұғалімдеріне түрлі оқушылардың ерекшеліктерін түсінуге, оларды қолдау жолдарын меңгеруге және әрбір баланың білім алуға тең мүмкіндігі болуына көмектеседі. Инклюзивті білім беру пәні студенттерге қоғамдағы теңдік пен толеранттылық идеяларын дамытуға ықпал етеді. Олар ерекше қажеттіліктері бар адамдарға түсіністікпен қарап, инклюзивті ортаны құруға белсенді атсалысады. Инклюзия негіздерін меңгеру білімгерді тек кәсіби маман ғана емес, сондай-ақ жанашыр, түсінігі мол тұлға ретінде тәрбиелейді.

Жазбамды дәрістің қорытынды сөзін айтқан ұстазымыздың ойымен аяқтаймын. «... Мені ең алғаш ғылымға әкелген, ғылымның теориясын түсіндірген – Рахманқұл Бердібай ұстазым. Бұл дәрісіміздің бүгін, Ұлы ұстазымның атындағы залда өтіп жатқаны маған берген «Тәңірдің сыйы» шығар деп есептеймін» деген қанатты сөзі, менің де ықыласымды оятты. Маған шабыт беріп, ең алғашқы мақаламның туындауына себеп болды. Тірісінде-ақ Рахманқұл Бердібайға Түркия Республикасы Түркі әлемінің «Дәде Қорқыты» деген атақ беріп, қадірлегенін де ұстазымнан естідім. Сондықтан, бұл залды «киелі орын» санасам асылық емес болар, сірә. Осы сәттен бастап, менің ғылымға деген көзқарасым өзгерді. Алды-ма мақсат қойдым. Ия, мен де, бұл – «Алланың маған берген нығметі» деп ой түйдім.

Айымторы МЕДЕТҚЫЗЫ
ФҚӘ-312 тобының 2-курс студенті

ТУЫ БІР ТҮРКІАЕР

ТАҒДЫР ҚОСҚАН ТУЫСТЫҚ

Қоғам филиалдары салауатты өмір салтын ұстануға, келер ұрпақты тәзімділік, адамгершілік рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. «Ахыска» этно-мәдени орталығы Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін өзара байытуға, Қазақстан мен Түркия арасындағы жан-жақты мәдени байланыстарды дамытуға себебін тигізуде. Осы ұлт өкілдерінің ішінен түрік халқының тарихын зерттеумен, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтаумен және дамытумен мәдени ағарту қызметімен айналысатын патриот азаматтар шыққан. Грузия аудандарындағы халықтарды тарихи Отандарынан көшіру туралы болып отыр. 1921 жылы құрылған Қырым АКСР-інде орыстар, украиндар, қырым татарлары, гректер, болгарлар, армяндар мекендеді. 1944 жылы Берияның бұйрығымен Қырымды «кеңестерге қарсы элементтерден» тазартуға 2000 жүк машинасы әзірленді. 1944 жылы мамырда 50 эшелонға тиелген татар ұлт өкілдері түгелдей Қырым АКСР-інен қуылды. Депортация барысында Қазақстанға 4501 татар, 7 мың болгар мен гректер әкелінді. Депортацияға ілінген ахыска түріктер Грузияның оңтүстік-батыс аудандарынан 1944 жылы қарашада Қазақстанға әкелінді. Жалпы, 1943—1944 жылдары Қазақ КСР-іне 109,3 мың отбасы арнайы қоныстандырылды. Социалистік заманда Кеңес Одағын мекендеген халықтардың қай-қайсысы болсын сталиндік зорлық-зомбылықтан, геноцид пен этноцидтен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалған жоқ. Қазақстанда тағдырдың түрлі жолдарымен келген жүз жиырмадан аса ұлт тұрады. Әр ұлттың өзіне тән тұрмыс тіршілігі, мәдениеті, тілі мен діні бар. «Өзге ұлтсың» деп бөліп тастамай, қашанда қонақжай атанған қазақ ұлты мен кең байтақ қазақ жері оларды өз құшағына алды. Түріктердің көп шоғырланған жері Алматы, Тараз, Шымкент қалаларында шоғырланған түрік тілін үйрететін бірнеше оқу орны жұмыс істейді. Түрік диаспорасы өз араларында өкіл кеңесін сайлап отырады. Республикалық, облыстық, аудандық, ауылдық шараларға белсенді түрде қатысып, атсалысып тұрады. Сондайақ бүгін, Түркістан қаласында мәдениет сарайында ахыска түріктердің қоныс аударылғанына биыл 71 жыл толуына орай «Тағдыр қосқан туыстық» атты үлкен іс – шара өтті. Іс – шараның жүргізушісі Тарихи-мәдени-этнографиялық орталықтың экскурсоводы И. Омаралиев Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университеті, 1-ші вице-президенті М. Куталмыш, және қалалық түрік мәдениет орталығының директоры Я. Идрисов қатысты. Алғашқы сөзді М. Куталмыш сөз сөйледі. Ұлы Отан соғысы жылдарының алды-артында қоныс жаңалаған ұлттар көп болды. Негізінде бұл қоныс жаңалау емес, керісінше, зорлықты күшпен жер аудару болатын. XX ғасырдың 30 жылдары мен 50 жылдарының басы КСРО-да көптеген адамдарды, тіпті тұтастай халықтарды күштеп жер аудару орын алды. Ахыска түріктердің қоныс аударылғанына биыл 71 жыл толды дей келе, кезекті сөзді Я. Идрисовқа ұсынды. Қиын қыстау кезіндегі Грузиядан қарашаның 14-не Кеңес үкіметі ахыска түріктерді «уақытша басқа аудандарға көшіреміз», деген сылтаумен Қазақстан жерін мекен еткен



түрік диаспорасына міне 71 жыл толып отыр. Яшаның өзі де Қазақстанда туылып, білім алып, жұмыс істеп жатыр қазіргі таңда. Қазақ мектебінде балаларының оқып жатқаны қазақтармен бауырлас ел екенін айтып, тату – тәтті өмір сүріп жатқандығын айта келе қазақ халқына бас иіп үлкен алғысын білдірді. Ары қарай университет студенттері, театрландырылған көрністері мен әнші Е. Ертуш түрік халқының мұңлы әнін орындап шықты. Артынан №8 Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта мектебінің оқушылары мен М. Ауезов атындағы және №22 жалпы орта мектебінің оқушылары да өз арнауын оқып өлеңдерін айтты. Қазақстан жайлы әндерін шырқап, қонақтарды тәнті етті. Тағдыр тауқыметін бастан кешіріп, ұлтының тілін, өзінің дінін, жүрегінің ұлттық үнін естен шығармаған жандар аз ба? Сондай жайсаң жандардың бірі абзал жанды Медедов Паша атаны ортаға шақырды өзінің көзімен көрген басынан кешкен қиыншылықтарын еске түсіріп, Ол кездегі жас бала екенін шешесі мен әпкесін басқада халықтармен бірге вагонға салып жібергенін айтып, жолда қаншама адамдар суыққа шыдай алмай өліп станцияларға жолай түсіріп кете бергенін зорлық зомбылық көргендерін айтып шықты. Қазақстанға келіп қазақ бауырлар бізді өзге ұлтсың демей өздерінің жағдайлары болмасада, бізді өздерінің балдарындай қабылдағанын және Жамал апаның бағып өсіргенін быламық қайнатып беретінін еске алып, әлі күнге дейін есінен шықпағанын айтып өтті. Түркістан жерінде жұмыс істеп бала шағалы болғанын жақсы тұрып келе жатқанын қазақ пен түріктердің туысқан екендігін жастарға қиыншылық көрмеңдер деп тілегін білдіріп, Қазақ ағайындарға рахметін айтты. Шараны қорытындылау үшін Тарих ғылымдарының докторы доцент П. Айхан, Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі PhD доктор Е. Шукру Батмазға берілді, сөз барысында Қазақстанның тәуелсіздік алуымен Ахыска түріктері ұлттық кемсітушіліктен біржола арылды. 1991 жылдың ақпан айында Алматыда «Түркия» түріктер қоғамы республикалық ұйымы құрылды. Қоғамның негізгі мақсаты елдегі ұлтаралық келісімді нығайту. Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттерін өзара жан-жақты байыту, түріктердің дәстүрлері, салттары және тілдерін сақтау және дамыту, жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу болды. Биыл - зайырлы Қазақстан үшін ерекше жыл. Себебі 130-дан астам этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына жиып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толды. Татулықтың, ынтымақтың символына айналған Ассамблеяның құрметіне биылғы жылды Елбасының өзі «Қазақстан Халқы Ассамблеясының жылы» деп бекіткен болатын. Осыған орай еліміздегі түрлі этномәдени орталықтар белсенділік танытып, көптеген іс-шаралар ұйымдастыруда. Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Ахыска» түрік мәдени орталығы да жиырма жылдық белеске қуанып, болашаққа көптеген жоспарлар түзуде.

Ғ. БИТАСОВ.
Тарихи-мәдени-этнографиялық орталықтың ғылыми қызметкері

ДРУЖБА НАРОДОВ

11 ноября 2015 года в Международном казахско-турецком университете имени Ходжи Ахмета Ясауи прошел вечер памяти депортации турков-ахыска под названием «Тағдыр қосқан туыстық».

Давайте немножко вспомним историю начала депортации. После окончания Русско-турецкой войны в 1829 году, территория Месхетии-Джавахетии разделилась на две равные части (согласно Андриопольскому договору). Из них двадцать пять районов остались в составе Российской империи, а остальные перешли к Турции. После образования Грузинской ССР земли турок-месхетинцев вошли в её состав. Как помните, что депортация в СССР затронуло не только ахыска турков но и ряда других национальностей.

Которые якобы были связаны с жителями приграничных районов Турции родственными отношениями. Проявляя эмиграционные настроения, по обвинению в пособничестве врагам, занятиях контрабандой и служении для турецких разведывательных органов источником вербовки шпионских элементов и насаждения бандитских групп. В связи с этим выдуманном решением постановления Государственного комитета обороны СССР от 31 июля 1944 года было принято выселить из Грузии на территорию Казахстана, Киргизстана и Узбекистана.

Депортированные ахыска турки были рассредоточены по отдельным посёлкам в различных областях Казахстана, Узбекистана и Киргизии как «спецпоселенцы» (то есть без права изменения места жительства до 1956 года). Они не имели права выйти за пределы своего указанного места жительства. Даже если были похороны в одном и том же городе, им не разрешалось покидать место жительства самовольно. Им нужно было пойти в специальные органы, которые выдавали справку о свободном передвижении. Если этой справки не было а по пути их встретили представители внутренних органов то спецпереселенцев сажали в тюрьму на срок от 2 до 5 и более лет.

Спустя 3 лет после смерти Сталина с ахыска турков были сняты ограничения по специальному поселению, часть из них стала возвращаться в различные районы Кавказа, в особенности в Кабардино-Балкарию и Северный Кавказ. Но большинство турок осталось в насиженных местах Средней Азии и Казахстана. Начиная с этого периода времени в культурной жизни ахыска турков открылась новая страница. Страница которая закрыла все беды и ущемления которые обрушились на турецкий народ. Многие представители турецкой интеллигенции получили свободу устроиться на государственные службы. Молодое поколение «в ногу со временем» получает образование в разных структурах учреждения. Тем самым показывая, что турецкий народ является частью интеллигентного общества. Между сотрудниками Областного историко-культурного этнографического центра и студентами Международного казахско-турецкого университета имени Х.А Ясауи было организовано мероприятие ко дню депортации турков.

На открытии присутствовал 1-ый вице-президент МКТУ им. А.Х Ясауи Мехмет Куталмыш и директор городского турецкого культурного центра Идрисов Яша. На мероприятии было организовано театральная постановка и был снят документальный фильм про жизнь турков. Которая показывала состояние периода депортации. В постановке принимали участие школьники СШ №8 им. Н. Торекулова и студенты МКТУ им. А. Ясауи. После театральной постановки было объявлено минута молчания чтобы почтить память о трагедии 1-ой половины XX века.

После драматичной части мероприятия, студенты университета спели турецкую песню. Под национальную турецкую музыку танцевали народный танец «Бар». Все гости которые пришли участвовать в мероприятии были в восхищении от традиции нашего народа. Почетными гостями мероприятия были представители совета старейшин. Которые в своем выступлении рассказали, как им пришлось выбираться из такой сложной ситуации как депортация.

Они выразили огромную благодарность казахскому народу, за такой теплый и радужный прием. Казахский народ не смотря на свои заботы и проблемы, разделили кусок хлеба на равные части. На завершении выступления Медедов Паша отметил, что наш сегодняшний мир и дружба среди народов Казахстана является заслугой главы государства. Который создал Ассамблею народа Казахстана. Завершающимся этапом мероприятия был организован национальный праздничный стол. Всех посетителей и участников мероприятия позвали к пышному турецкому столу.

К праздничному столу были приготовлены Хинкал, синор, қәтмәр, долма, лухум, халва, эриштә, ашур аши, шәрбәт и многое другое из национальной кухни. Сутью организации данного мероприятия было то, чтобы все остальные народности познали историю, обычаи и традиции турков.

Казахстан является примером межнационального согласия, стабильного, устойчивого развития для других государств мира. Я уверен в том, что наша страна имея такие качества будет дальше оставаться символом дружбы и согласия.

Омаралиев Исмаил Муратович
Экскурсовод историко-культурно-этнографического центра, представитель Турецкого этнокультурного центра «Ahiska»

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР - МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫҢ БІР БӨЛІГІ

Түркі халықтарының зияткерлік ойындары – бай мәдени мұрамыздың ерекше бір бөлігі. Қазақтың тоғызқұмалағы, түріктің мангаласы, қырғыздың бестемшесі сынды ойындар зияткерлік қабілетті дамытып қана қоймай, ұлттық бірегейлікті сақтауға да ықпал етеді. Біздің университетіміздегі Түркі халықтарының зияткерлік ойындары орталығы осы асыл мұраны насихаттаумен айналысады. Орталықтың басшысы Қасымхан Боранбайұлы орталықтың мақсаттары, жетістіктері және болашағы жайында бізбен бөлісті.

-Қасымхан аға, түркі халықтарының зияткерлік ойындары орталығының негізгі мақсаты мен міндеттері қандай?



– Біздің орталықтың басты мақсаты – түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтап, дәріптеу. Сонымен қатар, жастар арасында зияткерлік ойындарға деген қызығушылықты арттыру, ойындар арқылы олардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, шыдамдылық пен шапшаңдықты қалыптастыруды көздейміз. Бұл ойындар ұлттық болмысымызды сақтаудың бір маңызды құралы деп санаймыз.

- Орталықта бестемше, мангала, тоғызқұмалақ секілді ойындарды үйрету қалай

ұйымдастырылады? Ойыншыларды дайындаудың ерекшеліктері бар ма?

– Бізде ойындарды үйрету арнайы жаттығу сабақтары арқылы жүзеге асады. Алдымен ойынның тарихы мен ережелері түсіндіріледі. Кейін қатысушылар тәжірибе жүзінде жаттығады. Әр ойыншының қабілетіне қарай жеке жұмыс жүргіземіз. Ойыншылардың зияткерлік дағдыларын жақсарту үшін арнайы тактикалық стратегияларды үйретеміз.

- Орталықтың халықаралық жарыстар мен Астанада өткен “Көшпенділер” ойындарына қатысу тәжірибесі қандай болды? Қатысушылар қандай нәтижелерге қол жеткізді?

– Халықаралық жарыстарға қатысу – біздің ойыншылар үшін үлкен тәжірибе. Олар әр жарысқа үлкен дайындықпен барады және жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Мысалы, Астанада өткен “Көшпенділер” ойынында біздің команда бақ сынап, өте үлкен тәжірибе жинап келді. Бұл біз үшін үлкен мәртебе және әрі қарай даму үшін мотивация береді.

- Түркі халықтарының зияткерлік ойындарына қазіргі жастардың қызығушылығы қандай деңгейде? Бұл ойындарды дәріптеудің қандай тиімді жолдары бар деп ойлайсыз?

– Соңғы жылдары жастар арасында қызығушылық артып келеді, бірақ әлі де насихат жұмыстары қажет. Біз ойындарды мектептер мен университеттерде өткізуге тырысамыз, түрлі турнирлер мен мастер-класстар ұйымдастырамыз. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды пайдалану да жастарды тартудың тиімді тәсілі деп есептеймін.

- Түркі халықтарының мұндай ойындары мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлікті сақтауға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Бұл ойындар біздің тамырымызға қайта оралуымызға, мәдениетімізді тануға мүмкіндік береді. Әр ойынның астарында үлкен тәрбие, білім жатыр. Мысалы, тоғызқұмалақ ойыны адамның ойлау жүйесін, шыдамдылығын жетілдірсе, бестемше – ұжымдық әрекеттің маңызын түсіндіреді. Олар тек ойын емес, өмірлік сабақ береді.

- Алдағы уақытта орталықта қандай жаңа жобалар мен іс-шаралар жоспарланған? Болашақта қандай жетістіктерге қол жеткізгіңіз келеді?

– Алдағы уақытта республикалық, халықаралық деңгейде түркі халықтарының зияткерлік ойындар фестивалін өткізуді жоспарлап отырмыз. Университетіміздің кітапханасында 1-5 желтоқсан аралығында тоғызқұмалақтан ASIAN CUP жарысы өтеді. Оған тек елімізден ғана емес



алыс-жақын шет елдерден де қатысушылар жиналады. Сонымен қатар,



онлайн жарыстар ұйымдастырып, халықаралық ойыншылармен тәжірибе алмасу ойымызда бар. Болашақта осы ойындарды әлемдік деңгейде танытып, біздің ойыншыларды үздіктер қатарынан көргіміз келеді. Түркі халықтарының зияткерлік ойындары – тек тарихи мұра ғана емес, жаңа буынға берер тәрбиелік құндылығы мол мәдениет кілті. Қасымхан Боранбайұлы басқаратын орталық осы ойындардың ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық аренада танылуына еңбек етіп келеді. Орталықтың жұмысы – мәдениетімізді дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырудағы маңызды қадам. Алдағы уақытта бұл бастама еліміздің ғана емес, бүкіл түркі әлемінің мәдени құндылықтарын жаңа деңгейге көтерері анық.

Сұхбаттасқан: Ақерке Берекешова
4-курс студенті

Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ	Медиа және PR орталығы	Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды	Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген. 2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.
Газет 1995 жылдан шыға бастады	Тілшілер: Журналистика студенттері	кафедрасының	
Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Фото маманы: Нақып Шынтеміров		
Редактор: Жанар Бейсенбаева			
Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru			